

**"Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 сәуірдегі № 6/86-IV шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47/390-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 9 наурызда № 3619 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 49/516-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 29.05.2020 № 49/516-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 сәуірдегі № 6/86-IV "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1983-нөмірмен тіркелген, 2008 жылғы 6 мамырда " Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы "Оңтүстік Қазақстан облысында тұратын азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде рецепт бойынша облыстық бюджет қаражысы есебінен тегін қосымша берілетін дәрілік заттар тізілімі" мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

Алглюкозидаза альфа 50 мг	Барлық санаттар
Экулизумаб 300 мг	
Тобрамицин 300 мг	

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Қ. Тұрлыбек  
Қ. Ержан*

